

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

1

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2015

ҚАҢТАР
ЯНВАРЬ
JANUARY

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

М. Ж. Журинов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

M. Zh. Zhurinov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

E.P. Velikhov, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.
ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**OUTCOMES OF EDUCATION OF THE KAZAKH NATIONAL
PEDAGOGICAL UNIVERSITY NAMED AFTER ABAI****Zh. E. Ishpekbaev, K. K. Zhampeisova, N. N. Khan,
S. I. Kaliyeva, G. K. Sholpankulova, K. Bekbenbetova**Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: b_kazyna@bk.ru

Key words: education, educational work, system of education, concept of education, globalization, state youth policy, spirituality, competence, competence approach, corporatism, corporate culture of the university, leadership, youth, professional and corporate culture, teaching and educational process.

Abstract. In the basis of the Conception of educational activity of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai a methodological approach was put, in which the functions of education are aimed at the development of certain personal qualities demanded by modern society and the state. That is humanistic, personal-centered approach of the desire to identify and generate highly qualified, spiritually rich, competitive and multicultural person, who possesses a unique human personality.

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ****Ж. Е. Ишпекбаев, Қ. К. Жампеисова, Н. Н. Хан,
С. И. Қалиева, Г. К. Шолпанқұлова, К. Бекбенбетова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: тәрбие, тәрбие жұмысы, тәрбие жүйесі, тәрбие тұжырымдамасы, жаһандану, мемлекеттік жастар саясаты, руханият, күзiреттiлiк, күзiреттiлiк ұстаным, корпоратизм, университеттiң корпоративтiк мәдениетi, көшбасшылық, жастар, кәсiби-корпоративтi мәдениет, оқу-тәрбие үдерiсi.

Аннотация. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі тәрбие жұмысының тұжырымдамасы әдiснамалық ұстанымға негiзделген, мұнда тәрбиелеу тұлғаның қазiргi қоғам мен мемлекетке қажеттi қасиеттерiн қалыптастыруға бағытталған. Нақты айтқанда, бұл ол жоғары бiлiктi, рухани бай, бәсекеге қабiлеттi, жоғары мәдениеттi, iзгi қасиеттерге ие тұлғаны айқындауға көзделген гуманистiк, тұлғаға-бағдарланған ұстаным.

МАЗМҰНЫ

I. Кiрiспе

II. Қазiргi ЖОО-да тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесiн қою өзектiлiгi: студенттердiң әлеуметтiк-психологиялық келбетi

III. Тәрбие жұмысының теориялық-әдiснамалық негiздерi: мәнi, ұстанымдары, мақсаттары, мiндеттерi

IV. Абай ат. ҚазҰПУ түлегi-маманның үлгiсi

V. ЖОО-дағы тәрбие үдерiсiн нормативтi-құқықтық қамтамасыз ету

VI. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының негiзгi бағыттары

VII. ЖОО-да тәрбие саясатын жүзеге асыру шарттары

VIII. ЖОО-дағы тәрбие үдерiсiн басқару құрылымы

IX. ЖОО-да тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдiстерi, құралдары, формалары

X. Тәрбие жетекшiлiгi жүйесiнiң негiзгi ережелерi

XI. Қорытынды

I. КІРІСПЕ

XXI ғасырда жаһандану жағдайында әлемдік қауымдастықтың өмір сүру барысында ғылыми-техникалық, экологиялық, энергетикалық және ақпараттық үдерістердің алдыңғы қатарға шығуы, сонымен қатар әлеуметтік және ұлттық діни-жанжалдардың күрт күшеюі қоғамның білімділігі мен мәдениеттілігі деңгейіне тікелей өз әсерін тигізбей қоймайды.

Дүниежүзінде де, Қазақстанда да жоғары білім жүйесі тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды институты ретінде қарастырылуда, ал оқыту мен тәрбиелеу жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, мәдениетті, қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие шығармашыл мамандарды дайындауға бағытталған біртұтас үдеріс деп танылады. Студенттік шақта жастар мәдени құндылықтарға неғұрлым белсенді тартылып, қоғамдық-саяси іс-әрекетке барынша дағдыланып, қарым-қатынас шеңберін қарқынды кеңітеді. Бұған болашақ педагогтың рухани дамуы мен өзін-өзі анықтауына мақсатталған тәрбие жұмысының онтайлы формаларын, әдістерін іздестіруде шығармашылық пен бастамашылықты, өзіндік іс-әрекетті ынталандыратын жоғары мектептің ықпалы ерекше.

Қазіргі уақытта әлем қауымдастығы Қазақстанның жаһандануы, жалпы адамзаттық білім кеңістігіне енуі жағдайында жаңа қоғам құруға бет алғандығын аңғарып отыр. Тәуелсіздіктің 22 жылы ішінде елде тұрақтылық, келісім, төзімділік орнаған қоғам қалыптасты. Қазақстан секілді көпұлтты, көпмәдени, көпконфессиялы мемлекет үшін және түрлі дәстүр мен сенімдегі адамдар арасында ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуда білім жүйесінің үлесі мол.

Осы орайда қазақстандық жоғары мектеп кәсіби білім берумен қатар болашақ маман тұлғасын рухани-адамгершілік тұрғысынан жетілдіру мектебі болып табылады. Мұндай маман осы ұлттық-мәдени құндылықтарға: санаға, ділге, азаматтылық пен жаңа қазақстандық патриотизмге (қазақ халқының тарихын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін, бірегейлігін зерделеу негізінде) сүйене отырып, «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы идеясын іске асыру жағдайында мемлекетімізді бәсекеге қабілетті адами капиталына ие елге айналдыруға ұмтылған қазақстандықтардың жаңа буынын қалыптастырушы күшіне айналуы тиіс.

Сондықтан әр бір қазақстандық азаматтан біртұтас ұлттық қоғам – «Қазақ елінде» өмір сүруге лайықты, белсенді азаматтық ұстанымға ие, патриоттық сезімі жоғары, өз Отанының кешегісі, бүгінгі мен болашағына жауапты тұлға болып қалыптасуы талап етіледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сонымен қатар Қазақстанның қарқынды және тұрақты даму шарттарын назарға ала отырып, қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде педагог мамандарды даярлау барысында болашақ маманның жалпымәдени, азаматтық, кәсіби және рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, оларды заманауи әлеуметтік талаптарға сай болу және мамандардың республикалық, халықаралық деңгейде тұлғааралық, мәдениетаралық ынтымақтастыққа дайын болу талаптарын күшейту аса қажет деп тұжырымдаймыз

Осы **Тұжырымдамада** мынадай негізгі ұғымдар пайдаланады:

тәрбиелеу – тұлғаны дамыту іс-әрекеті; адамның, отбасының, қоғамның және мемлекеттің мүддесінде өзін-өзі анықтауға, рухани құндылықтар, қоғамдық мораль негізінде әлеуметтенуге жағдай жасайды;

тәрбие - педагог пен студенттердің өзара белсенді әрекеттесу үдерісі. Тәрбиеленушінің дамуына қарай педагогикалық әсер ету педагогикалық өзара әрекеттесуге ұласады. Тәрбиеленуші біртіндеп тәрбие үдерісінің субъектіне айналады, себебі оның өзін-өзі тануы мен өзін-өзі тәрбиелеу дағдылары арта түседі;

тәрбие жұмысы – ЖОО білім үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі, сабақта және сабақтан тыс уақытта іске асырылып, отандық зиялыларының өкіліп болып табылатын болашақ маманның рухани, жалпы мәдени, азаматтық және кәсіби қасиеттерін қалыптастырады;

тәрбие жүйесі – білім кеңістігіндегі өзара байланысты элементтер жиынтығы. Ол тұлғаның әлеуметтік маңызды сипаттамаларының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім кеңістігі өзара бағынышты, тұлғаны дамытатын тәрбиенің мына жүйелерін: білім мекемесін және онымен өзара әрекеттесетін мәдени ортаны; этномәдени ортаны; қоғамдық-саяси ортаны; жастардың субмәдени ортасын қамтиды;

әлемнің жаһандануы – халықтардың шаруашылық іс-әрекетте бірігуі, мұның өзі ғылыми-техникалық прогресті жеделдетіп, халықтар арасындағы тарихи тосқауылдарды, провинциализм психологиясын, әсіре ұлтшылдықты жоюға септігін тигізеді;

мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет іске асыратын, жастарды қолдауға арналған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастыру және құқықтық шаралар жүйесі;

руханият – тұлға түртіктері (мотивтері) жүйесінде екі іргелі қажеттіліктің: танымның идеалды қажеттілігінің және өмір сүруге, «басқалар үшін» әрекеттенудің әлеуметтік қажеттілігінің жеке білінуі. Адамның рухани байлығы өзін-өзі, әлемді, өмірінің мәнін, мақсатын тану қабілетімен анықталады;

күзiрет (ағылш. – қабілет, білік, лат. – келісімділік, үйлесімділік)

1) белгілі бір сала бойынша білімінің болуы; 2) белгілі бір тұлғаның міндеттерінің жиынтығы.

күзiреттілік – жеке адам қасиеті: ептілік дәрежесі, тұлғаның өзін-өзі іске асыруы (әдеті, өмірлік әрекет тәсілі, қызығушылығы), жеке адамның қабілетінің білінуі және т.б.;

күзiреттілік ұстанымы – білім алу мақсат-векторларының басым бағдарлары: оқуға қабілеті, өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі өзектендіруі, әлеуметтену және әлеуметтендіру, жеке белгілерін дамыту;

корпоратизм – азаматтық қоғам эволюциясын анықтайтын вектор, мемлекетті біріктіретін қазіргі идея, рухани өзек, дағдарыстан шығудың шынайы жолы;

университеттің корпоративтік мәдениеті – университетте білім беруші мен білім алушылардың ішкі тәртіп нормаларына сай мінез-құлық ережелері (құндылықтар, әлеуметтік, коммуникативті, моральдық нормалар, рәсімдер, дәстүрлер, өзіндік стиль); басқару ережелері (ұйымдастырушылық құрылымы, қатынастар, кадр саясаты); университеттің білім кеңістігіндегі орны мен ролі туралы түсініктер, белгілі өзгерістер қажеттілігі жөніндегі ой-пікірлер;

озық болу – қазіргі маман іс-әрекетінің маңызды компоненті, табысқа және нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін жеке тұлғалардың немесе топтың мінез-құлығына әсер етіп, тиімді іс-әрекетке ынталандыру;

жастар – Қазақстан Республикасының он төрт-жиырма тоғыз жас арасындағы азаматтары;

кәсіби-корпоративті мәдениет – таңдаған мамандығын мақтан тұту, кәсіби этика ережелерін сақтау, кәсіби іс-әрекетке шығармашылықпен қарау;

университеттегі оқу-тәрбие үдерісі – студенттерге кәсіби білім беру, тұлғалық қасиеттерін дамыту, оқу мен тәрбие үдерістерінің біртұтастығы.

II. Қазіргі ЖОО-да тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесін қою өзектілігі: студенттердің әлеуметтік-психологиялық келбеті

Заманауи ЖОО студенттерімен жүргізілетін тәрбие жұмысының осы тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауын, «Қазақстан 2020: Болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асырылуын басшылыққа ала отырып зірленген. Аталған құжаттарда жастар ұлттың мәңгілік қозғаушы күші, шоғырланған қуаты, елдің басты стратегиялық қоры болып табылатын әлеуметтік-демократиялық топ ретінде қарастырылады және олар қоғамның әлеуметтік құрылымында ерекше орынға ие.

Осы бағытта Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына енуін қамтамасыз ететін, жастар тәрбиесіне тікелей қатысы бар мәселелерді айқындап берді. Қоғамның әлеуметтік құрылымында студент жастар – ерекше ұтқыр әлеуметтік топ, олар қоғамның түрлі таптарынан бой көтеріп, өмірдің, еңбектің, тұрмыстың нақты жағдайларында шынығады, белгілі әлеуметтік мәртебеге, моральді-психологиялық қасиеттерге ие. Студенттер үшін кәсіби білім алу болашақ өмір жолында аса қажетті рухани қор. Жастардың әлеуметтік және ұлттық құрамы айрықша болғанымен, өзіндік ерекшеліктерімен белгілі бір қауымдастықты құрайды. Бұл ерекшеліктер оқу мен тәрбие әрекетінде қалыптасатын уақытша сипатқа ие студент мәртебесінің (статусының) пайда болуымен байланысты.

Қазақстан Республикасында жастарға 14-29 жас арасындағы адамдарды жатқызады, бұл ел тұрғындарының 29 %, -н құрайды, жалпы саны 4,5 миллион, оның ішінде студенттер 1,5 млн. адам.

Бүгінде студент жастармен тәрбие жұмысын күнделікті қатысым деңгейінде ұйымдастырудағы өзекті мәселе – оқытушылардың жастардың бейтарап қалыптасып жатқан мәдениетін біліп ескеруі. Бұл мәдениет:

- көбіне сауық құруда, бос уақытын тиімді өткізуде білінеді, дене шынықтыру, психологиялық (алдымен-коммуникативті), рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған;

- «батысқа» еліктеуге, «американдануға» негізделген мәдени қажеттілік пен қызығушылық топтық және жеке мінез-құлықтың мынадай белгілерімен: (прагматизммен), эгоизммен, қатігездікпен, кәсіби мүддені табанасты етіп жайлы өмірге ұмтылуымен анықталады. Мәселе мынада: бұқаралық ақпарат тасқынында жастар «жат» мәдениеттің «жағымсыз» үлгілеріне еліктеуде, соның салдарынан қоғамға пайдалы, соның ішінде еңбек іс-әрекеті, кәсіби білімді тереңдету, дүниетанымды кеңейту, тұлғаның өзін-өзі жетілдіру мәселелері тыс қалып жатады;

- тұтынушылық бағыттардың шығармашылық өзіндік іс-әрекеттен басым болуы шығармашылықты дамытудан гөрі дайын мәдени құндылықтарға бет бұруымен (ғылыми-ізденіс іс-әрекетінің кейбір түрлерін ескермеген жағдайда) ерекшеленеді;

- «басқа» құндылықтарды қабылдамау – конформизм, талғам мен қажеттіліктер даралығының жеткіліксіздігі;

- өзін-өзі этномәдени сәйкестендірудің болмауын, құндылықтардың этномәдени мазмұнын жеткіліксіз игеруіді халық мәдениетін ескіріп кеткен үдеріс деп танумен, көпшіліктік арасында «модаға» айналған дінге табыну арқылы сол мәдениетке бейтарап күйде азды-көпті ұмтылумен түсіндіруге болады;

- мәдени-бос уақыттың коммерциялық сипат алуы себебінен жастар мәдениетінің келбеті мен өмір сүру салтына тигізер әсері әлеуметтендірудің басқа агенттері – отбасы мен білім жүйесінен кем түспейді. Оқу орнынан тыс жерлерде студенттердің бос уақыт өткізу іс-әрекеті материалдық жағдайға қарай саралауға болады. Нәтижесінде біреулер демалыс пен сауық мүмкіндіктерін толық пайдаланса, басқалар тек әңгімелесу, телехабарлар көрумен шектеледі. Ал кітап оқу, спорт, көркем шығармашылық сияқты өзін-өзі іске асыру әдістері көп студенттердің көңілінен тыс қалады.

Қазіргі қазақстандық қоғам экономикадағы, саясаттағы, мәдениеттегі, тұлға мен қоғам қатынастарындағы қарқынды өзгерістермен сипатталады. Ескеретін жайт: студенттер – Қазақстан ұлтының жас өкілдері, болашақ мамандар, олар жай білім алып қана қоймай, рухани, кәсіби, тұлғалық қасиеттерінің біртұтастығы негізінде ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің жаңашыл дағдыларын меңгеру арқылы қазіргі өндірістегі білім мен технологиялардың ең озық тәжірибелерін пайдалана білуге тиіс.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев XXI ғасырдың кәсіби мұғалімдерін дайындау мәселесін мемлекеттің басты міндеттерінің бірі деп белгіледі. Оқытушы және мұғалім мамандарды дайындау адам капиталын қалыптастырудың, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды арнасына айналуы тиіс. Сол себептен Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа кірігуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық өзгерістер, ғылыми және мәдени даму қарқыны, жаңа технологиялардың пайда болуы ескеріліп, оқытушы және мұғалім мамандардың рухани, кәсіби-тұлғалық деңгейін арттыруға деген талаптар күшейе түсті. Мұндай игі істе басқа елдердің педагогикалық тәжірибесі қолданылып қана қоймай, Қазақстан халқы этнопедагогикасының қайнар бұлағына назар аударуды талап етеді.

III. Тәрбие жұмысының теориялық-әдіснамалық негіздері: мәнісі, ұстанымдары, мақсаттары мен міндеттері

ЖОО-дағы тәрбие жұмысы тұлғаның әлеуметтік маңызды сипаттарын қалыптастыратын өзара байланысты элементтердің білім кеңістігіндегі жиынтығы. Білім беру кеңістігі өзіне ашық түрде тұлғаны дамытуға бағытталған бірқатар тәрбиенің қосалқы жүйелерін қамтиды: білім беру мекемесі және онымен өзара әрекеттесетін мәдени орта, этномәдени орта, қоғамдық-саяси орта, жастардың субмәдени орта.

Университеттің тәрбие жүйесі – студент қауымдастығы мүшелерінің өмірлік іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі, онда құндылықтар мен реттілік қамтылып, университеттің корпоративтік мәдениеті жағдайында тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыда дамытатын компоненттердің өзара әрекеті ескеріледі.

ЖОО білім беру тарихы мен тәжірибесі көрсеткендей, бүгінде негізгі міндеттер білім беру, басқаруды ұйымдастыру арқылы ғана шешіліп қана қоймай, тәрбие парадигмасына жаңаша

қарауды талап етеді. Жаңа тәрбие парадигмасының ғылыми бастауларын үш салада: білім философиясында, адам және қоғам туралы ғылымдарда, педагогика теориясында іздеген жөн.

Білім философиясы адамның қазіргі әлемдегі орны, оның өмірінің мәнісі, адамзаттың түйінді мәселелерін шешуде білімнің әлеуметтік рөлі туралы мәлімет береді.

Адам және қоғам туралы ғылымдарда (білім психологиясында, әлеуметтануда және т.б.) адамдардың тәрбие жүйесі ішіндегі қоғаммен өзара әрекеттесу үлгілері туралы қазіргі ғылыми түсінік берілуі тиіс.

Педагогика теориясы, оның ішінде қазіргі педагогика, әлеуметтік жобалау, білім жүйесі менеджменті және т.б. білімнің жаңа жүйесі мен оның ажырамас бөлігі – қазіргі ЖОО-дағы тәрбие жұмысын біртұтас үдеріс ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Демек, аталып өткен ғылыми бастаулар негізінде жаңа гуманистік әдіснама жатқандығы, оның басты назарында адам, оның рухани дамуы, құндылықтар жүйесі тұрғандығын аңғаруға болады. Осы әдіснама ғана жоғары оқу орындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру негізіне алынып, тұлғаның рухани қасиеттерін, шығармашылық еркіндігін қалыптастыру міндеттерін шешуге ықпалын тигізеді. Тәрбие жұмысына деген мұндай ұстаным тұлға дүниетанымына жаңаша өң береді, жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, білімнің екі қырын – зияткерлік жоғары білім мен «жүректің сөзін сөйлейтін» рухани ішкі білімді ұтымды ұштастыруға мүмкіндік береді.

Өкінішке орай, қазіргі ЖОО-да маманды кәсіби дайындау ісінде зияткерлік білім мен оның басты компоненті – гуманитарлық дайындық арасында алшақтық байқалады. Ал тәжірибеде оларды біріктіру қажеттілігі әлдеқашан дәлелденген. Сол тәжірибелерге сүйенсек, зияткерлік білім мен гуманитарлық дайындық арасындағы алшақтық студенттің ішкі әлемінің тарылып, шығармашылық және мәдени деңгейіне кері әсерін тигізіп, адамды экономикалық және құқықтық көзқамандыққа (нигилизмге) әкеліп соғатындығын айтады. Ал бұл ғылыми-өндірістік әлеуетті төмендетеді. Белгілі психолог В.П.Зинченко технократиялық ойлаудың адам руханиятына зор ықпалын былай деп анықтайды: «Для технократического мышления не существует категории нравственности, совести, человеческого переживания и достоинства».

Сол себепті қазіргі ЖОО рухани-адамгершілік тұрғыда өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге қабілетті, рухани әлемі бай, кәсіби маман дайындауға бағдарланған.

Тұлғаның әлеуметтік маңызды сипаттарын қалыптастыруға қатысты университеттің тәрбие жүйесінде мына компоненттерді бөліп көрсеткен жөн: тұлғаның әлемдік мәдениетке ұмтылуы оны қабылдауға, сезінуге, қайта құруға дайын болуы; кәсіби бағдары; әлеуметтік қажетті және әлеуметтік ақталған белсенділігі.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі тәрбие жұмысының тұжырымдамасы әдіснамалық ұстанымға негізделген, мұнда тәрбиелеу тұлғаның қазіргі қоғам мен мемлекетке қажетті қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Нақты айтқанда, бұл гуманистік, **тұлғаға бағдарлы ұстаным**, ол жоғары білікті, рухани бай, бәсекеге қабілетті, жоғары мәдениетті, ізгі қасиеттерімен дара көрінетін тұлғаны айқындауға көзделген. Мұның өзі тәрбиеге деген орташа ыңғайды жоюды, тұлғаны тұқыртатын бюрократтық стильден бас тартуды, студенттің кәсіби құзыретілігін, бірегейлігін ашуға жағдай жасауды талап етеді. Осы айтылғандарды ескере отырып мына **ұстанымдарға** сүйену қарастырылады:

демократизм, тәрбиенің гуманистік бағытылығы ұстанымы педагогтың студентке өзіндік дамуының жауапты да дербес субъекті ретінде қарауын көздейді. Тәрбиеленушіде рефлексияның дамуына; әлемге және әлеммен, өзіне және өзімен қатынасын қалыптастыруға; өзіндік намыс сезімін, жауапкершілігін, төзімділігін тәрбиелеуге тиімді әсерін тигізеді;

студент тұлғасының бірегейлігін мойындау ұстанымы, егер ЖОО студенттің сәйкестенуін, яғни, өзінің ерекшелігін пайдалану қажеттілігін өтей алмаса, онда студент өмірде өзін табу қажеттілігін қанағаттандыра алмайды деген қағидаға сүйенеді;

оқыту үдерісінде тәрбиеге деген жүйелік-тұтастық ұстанымы ЖОО тәрбие беру үдерісінде профессор-оқытушы құрамының, құрылымдық бөлімдері мен бөлімшелерінің әрекетін бір бағытта жұмылдыруды көздейді. Бұл бағыт – студенттердің рухани, азаматтық тұрғыда қалыптасуына, салауатты өмір салтын ұстануына жағдай жасау;

іс-әрекеттік шығармашылықпен диалогизм ұстанымы, ЖОО-да шығармашылық іс-әрекет ахуалын түзуді, көтерілген мәселелерді ашық талқылауды, еркін пікір алмасуды, өзіндік көзқарас

калыптастыруды, оны қорғауды, бастамашылықты қолдауды, шынайы іс-әрекетке саналы қарауды меңзейді;

аса көпсәйкестілік ұстанымы әр адам көптеген мәдениеттердің ұштастырушысы, сол себепті студент көп не аса көп сәйкестілікке ие деген қағидаға сүйенеді;

ұлттық мәдениетті сақтау, тарату, дамыту; Отанға, тума табиғатқа сыйластық пен сүйіспеншілік; өз университеттегі істерге қатысын, жауапкершілігін сезіну жағдайындағы **ұрпақтар сабақтастығы ұстанымы**;

басқа адамдарға ашық болу ұстанымы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, азаматтардың құқықтары мен бостандығын, этикалық нормаларды сыйлау, тұлғалық-көпмәдени дамудың жоғары жетістіктер ретінде танылатын басқа мәдениетке, құндылықтарға, көзқарастарға ашық болу. Бұл әрекеттегі жетекші бағыт: адами келбетті айқындау (персонализация) («бәріміз алдымен адамбыз» тезисі) және даралау (индивидуализация) («біз бәріміз әртүрлі адамбыз» тезисі).

ЖОО тәрбие жұмысы тұжырымдамасының **басты мақсаты** жоғары білімді, кәсіби құзыретті, азаматтық ұстанымы белсенді, мәдениетті, ізгі, отаншыл студенттің – болашақ маманның жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру, дамыту, қолдау.

Осы мақсатқа мына **міндеттерді** орындау арқылы қол жеткізуге болады:

- студенттердің ЖОО ортасына сіңіп кетуі үшін олардың өмірлік іс-әрекеттің өзгерген жағдайларына бейімделуін мақсатты түрде ұйымдастыру ;

- университеттің тәрбие әлеуетін болашақ маманның зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағдарлау;

- студенттердің бойында тиімді кәсіби іс-әрекетке қажетті тұлғалық және кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру;

- студенттерді азаматтық ұстаным мен ұлттық сана-сезімге, құқықтық және саяси мәдениет негіздеріне, қазіргі еңбек пен өмірге қабілет болуға тәрбиелеу;

- ұлтаралық және әлеуметаралық қарым-қатынас, келеңсіздіктердің алдын-алу немесе оларды парасаттылықпен шешуге тәрбиелеу;

- рухани-адамгершілікке, зияткерлікке тәрбиелеу;

- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі үздік дәстүрлерді сақтап дамыту, тұтастай алғанда қазақстандық жастарды жоғары білім, таңдалған мамандықтың құндылығын сезінуге тәрбиелеу; студенттердің бойында ынтымақтастық пен корпоративтік сезімдерін қалыптастыру;

- жалпыадамзаттық құндылықтарға, гуманистік идеалдарға бағытталған жоғары мәдениетті, экологиялық білімді тұлғаны тәрбиелеу;

- тұлғаны салауатты өмір салтын ұстануға, есірткіге, маскүнемдікке, қоғамға қайшы мінез-құлыққа қарсы төзімсіздікке тәрбиелеу;

- көпұлтты студенттік ортадағы қазақстандық сәйкестілікті, сабырлықты, төзімділікті тәрбиелеу;

- студенттердің қызығушылығын, шығармашылық қажеттілігін, бейінділігін, құндылық бағдарын зерделеу, оларға өз қабілеттерін ашуда, өзін-өзі анықтауда, өмірден өз орнын табуда көмек көрсету;

- студенттердің сабақтан тыс бос уақыттын тиімді ұйымдастыру;

- маманды көшбасы ретінде дайындау формасы ретіндегі студенттік өзін-өзі басқару жүйесін барынша дамыту;

- тәрбиелеудің тиімді нәтижесіне жетудің құралы ретіндегі тәрбиені және сабақтан тыс іс-әрекетті жүргізу үшін мамандар таңдау, дайындау.

Тәрбие іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттері – қажеттіліктері мен басым бағыттары ескерілетін бағдарламалар кешені арқылы іске асырылады.

IV. Абай атындағы ҚазҰПУ түлегі-маманының үлгісі

Абай атындағы ҚазҰПУ түлегі-маманының қазіргі үлгісін құруда адамның (студенттің) қазіргі әлемдегі орны, оның рухани дамуы, құндылықтар жүйесі туралы жаңа түсініктер беретін идеяға сүйендік. Осы қырынан Абай атындағы ҚазҰПУ түлегі-маманының қазіргі үлгісі өндірістік-еңбек

және әлеуметтік инфрақұрылым элементтерін қамтуы, студент әлеуеті ерекшелігін ескеріп, оның кәсіби дайындығы мен рухани дамуына тиімді жағдай жасауы тиіс. Мұнда студенттердің өзін-өзі жетілдіруіне, оларда ұлттық сананың, белсенді өмір ұстанымының, әлеуметтік жауапкершіліктің, рухани мүдделердің, демократиялық көзқарастардың қалыптасуына көбірек көңіл бөлген жөн. Түлек-маманның қазіргі үлгісі – дені сау, жауапты, қуатты, инновациялық экономика жағдайында табысты, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген, Қазақстан халқының құндылықтарын бойына сіңірген, сабырлы, әлемде танымал және сыйлы, жоғары мәдениетті, зияткер, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, Абай атындағы ҚазҰПУ-да жоғары кәсіби білім алған тұлға, жаңа типтегі педагогикалық бейіне өкілі болуы тиіс. Бұл маман – бір жағынан, ЖОО түлегі, қызметкер; екінші жағынан, тұлға. Маман қызметкер ретінде кәсіби құзырет иесі болуы шарт. Тұлға ретінде өмірлік құндылықтарымен, ынтасымен, қабылдаған әлеуметтік нормаларымен танылады. Абай атындағы ҚазҰПУ жоғары білікті маман дайындауда тәжірибесі мол, Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру саласындағы озық идеялар жаршысы және басты ғылыми-әдістемелік орталық. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жоғары білім жүйесіне кез келген әлеуметтік жүйеге секілді көптеген ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді.

Бұл тұрғыда жаңа типті жас маман үлгісін құруда мына факторлар ескерілуі тиіс:

1. Әлеуметтік-этикалық фактор, ол болашақ маманның сапалы кәсіби дайындығында Қазақстан Республикасының Конституциясын, мемлекеттік рәміздері (Туды, Елтаңбаны, Әнұранды), Қазақстан Республикасының Зандарын сыйлауды ескереді; әлеуметтік жауапкершіліктің, азаматтық парыздың, ішкі еркіндіктің, өзіндік намыстың, әділеттің, дүниетанымның, рухани идеалдардың болуын талап етеді; гуманистік құндылықтарды сақтауды, өз мүдделерін басқалардың мүдделерімен үйлестіре білуді көздейді. Серіктестікте еңбек етуге, университеттік корпоратизм жағдайында шығармашылық ынтымақтастықта болуға, елжандылық, руханият, табандылық, отбасына, өзге адамдарға, балаларға мейірімділік қасиеттерін танытуға бағытталған.

2. Зияткерлік және мәдени даму факторы (өз мамандығы бойынша да, шектес салаларда да терең іргелі және қолданбалы білімді игеруді меңзейді); нақты мақсат қойып, жетістіктерге жетуді, өздігінен шешім қабылдай білуді, өз ісіне шығармашылықпен қарауды ескереді. Ұлт зияткерлігін арттыру – бүкіл елді толыққанды жаңарту негізі. Қоғамымыз түрлі ұлт және дін өкілдерінен құрылған. Дін – рухани тазалық, имандылықтың кепілі. Әлем діндерінің ортақ мақсаты – зұлымдыққа, зорлыққа қарсы тұру. Студенттерді діндерге сыйластықпен қарауға, дінге сенушілердің киелі жерлерін, сезім-дәстүрлерін де сыйлауға тәрбиелеген жөн, ол үшін лаңкестіктің дінге, адамзатқа қауіпті екендігін түсіндіру жұмысын белсенді түрде жүргізу қажет.

3. Өзін-өзі ұйымдастыру факторы өз зияткерлігін, кәсіби дағдыларын дамытуға, кез келген қиын жағдаятта сауатты, қисынды әрекет етуге, көздеген мақсатқа табандылықпен жетуге бағыттайды.

4. Жалпы әлеуметтік құзырет факторы өмірдің барлық саласында орын алады (студенттің қарым-қатынас мәдениеті, жаңалыққа құштарлығы, жағдаяттарды шешудің стандартты емес жолдарын таба алуы, әлеуметтік-экономикалық іс-әрекетте бәсекеге қабілеттілігі, кәсіби және әлеуметтік-құқықтық қырлылығы, өмірдің өзгермелі жағдайларына бейімделуі, әлеуметтік-мәдениетті, саяси жағдайларға бағдарлана білуі, серіктестікте еңбек етуі, университеттік корпоратизм жағдайында шығармашылық ынтымақтастықта болуы, өз мүдделерін қоғам мүдделерімен үйлестіре білуі, табысқа әкелетін нақты мақсаттарға жету үшін жеке тұлғалардың не топтың мінез-құлығына әсер етіп, тиімді жұмыс жасауға ынталандыруы).

Ұлттар бірлігіне, келісіміне, ата-бабаларымыздың мәдени мұрасының сақталуына, жаңа қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына ерекше назар аударып отырып, ЖОО бағдарламасына «Қазақ елі» атты жаңа пәннің енгізуді қарастыру, соның негізінде қазақ тілін жетік меңгеру, Қазақстан Республикасының мемлекет болып қалыптасуының тарихи түбірін игеру, өзінің тәуелсіздік жолындағы жалпыға ортақ еңбек тәрбиесі жана әлемдік нарықтық қажеттілігін және құрылымының түбегейлі өзгеруіне әкелетін индустриалды-инновациялық бағдарламаларды жеделдету студенттердің белсенді технологиялық жаңалықтарды ашуына игі әсерін тигізеді.

Осыған байланысты ЖОО-дағы тәрбие жұмысының өзекті мәселелерінің бірі – студенттерде жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда белсенді өмір ұстанымын қалыптастыру болып табылады. Республикамызда Халықаралық көрме бюросы Бас Ассамблеясының шешімімен

Халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесі өтетіні белгілі. Бұл шара студенттерге өз шығармашылығын көрсетуге мол мүмкіндік береді. «ЭКСПО – 2017» алғаш рет тәжірибе алмасу түрінде ұйымдастырылып, «Болашақ қуаты» тақырыбында өмірлік іс-әрекеттің барлық салалары бойынша инновациялық жобалар ұсынылады. Қазақстандағы көпмәдени және ұлттаралық келісім жағдайында бұл халықаралық көрмеде жастар өздерінің үштұғырлы білімдерін жетілдіріп, мәдени-спорт шаралары кезінде жаңа достар табуға мүмкіндік алады.

Бүгінде еліміздегі үштұғырлы тіл саясаты қазіргі заман студенттінің бәсекеге қабілетті тұлға қасиеттерінің басты қажеттілігі болып табылады. Жастар қазақ тілін мемлекеттік тіл, орыс тілін ұлттаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілін жаһандық білім кеңістігіне табысты ену тілі деп санайды.

Астананың әлеуметтік-экономикалық, мәдени маңыздылығын ашу; сонымен қатар еліміздің техникадағы, ғылымдағы, бизнестегі, құрылыстағы, сәулеттегі, білім жүйесіндегі жарқын инновацияларын ұсыну ұлт әлеуетін көрсетуде зор ықпалын тигізеді.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайларда әлемдік және отандық тәжірибені қолданып, ЖОО және бизнес арасындағы өзара тиімді серіктестік қатынастардың жүйесін құру негізіндегі ғылыми зерттеулерді белсенді қолдау қажет. Мұның өзі білімнің жоғары сапасы, өндіріс, ғылым, білім үдерісінің ықпалдастығы проблемаларын шешуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда бұл – студенттердің оқу-тәрбие, өндірістік, диплом алды практикасын ұйымдастыруда; дипломдық жұмыс тақырыптарын таңдауға қатысуда; университеттің инновацияларын өндіріске пайдалануда, университеттің келісім-шарт негізіндегі жұмыстарын дамытуда көрініс табады.

V. ЖОО-дағы тәрбие үдерісін нормативті-құқықтық қамтамасыз ету

Осы тұжырымдама білім саласындағы төмендегі нормативті-құқықтық база негізінде әзірленген:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (1998 жылғы 7 қазанда, 2007 жылғы 21 мамырда, 2011 жылғы 2 ақпанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

3. 2012 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».

5. «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы (2007 жыл).

6. Қазақстанның Ел бірлігі Доктринасы (2009 жыл), «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы (2008 жыл).

7. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы № 258 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңы.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 қаулысымен бекітілген «Барлық білім ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары».

9. «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XV съезі материалдары (2013 жылғы 18 қазан).

10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 160 қаулысына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары.

11. 2004 жылғы 7 шілдедегі №581-II «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы.

12. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы (2014 жылғы 29 қыркүйектегі енгізілген өзгерістер мен толықтырулар)

13. **Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білімді дамыту тұжырымдамасы** (2004 жылғы 24 ақпан).

14. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы № 2347 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық білім беру туралы ережесі».

15. Қазақстан Республикасы студент жастарының ұлттық тәрбиесі тұжырымдамасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010 жыл.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысымен бекітілген «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.

VI. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары

Тәрбие үдерісі алдындағы белгіленген міндеттерді шешу үшін ЖОО-да тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру мынадай негізгі бағыттарда жүзеге асырылады:

1. Заманауи гуманистік дүниетанымды қалыптастыру.
2. Студент тұлғасының зияткерлік әлеуетін дамыту және қалыптастыру.
3. Рухани-адамгершілік тәрбие.
4. Кәсіптік және еңбек тәрбиесі.
5. Студенттердің ҒЗЖ ұйымдастыру.
6. Азаматтық-құқықтық және патриоттық тәрбие.
7. Студенттің бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін қалыптастыру.
8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, түрлі тәуелділіктердің алдын-алу.
9. Эстетикалық тәрбие, экологиялық тәрбие және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту.
10. Ұлтаралық келісім және студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу.
11. Жастардың діни сауаттылығын арттыру және экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары.
12. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
13. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту.
14. Студенттерге психологиялық көмек көрсету.

1. Заманауи гуманистік дүниетанымды қалыптастыру студенттерді «адам-адам», «адам-қоғам», «адам-техника», «адам-табиғат» жүйелеріндегі іргелі білімдермен қаруландыруды көздейді.

2. Студент тұлғасының зияткерлік әлеуетін дамыту және қалыптастыру. Зияткерлік қабілеттерін дамытуды, жоғары кәсіптік білім мазмұнының құндылығын түсінуді, әлеуметтік белсенділікті, кәсіптік әрекет нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеуді қарастырады.

3. Рухани-адамгершілік тәрбие. Рухани-адамгершілік түсініктер мен құндылықтар жүйелерін қалыптастыруды, дамытуды көздейді. Мұның өзі студенттің ақиқатты, жақсылықты, әділетті, еркіндікті, ар-ожданды, намысты, көргенділікті, тектілікті, адалдықты, жауапкершілікті ұғынуында білінеді. Студенттерде өзін-зі сезінуді, әлеуметтік белсенділікті, гуманистік дүниетанымды, тарихи сананы, әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелейді. Әлеуметтік-мәдени тәжірибені меңгертеді. Рухани нормалар мен кәсіптік этиканы оқуда, өндірісте, қоғамдық іс-әрекетте қолдануды үйретеді. Студенттерде репродуктивті сананы қалыптастырып, дәстүрлі құндылық - отбасын құруға бағдарлайды.

4. Кәсіптік және еңбек тәрбиесі. Студенттердің оқуға ынтасын арттырады, еңбекпен кәсіпке жоғары рухани және өмірлік құндылық ретінде қарауды қалыптастырады. Іргелі және қолданбалы білімді орындаушылық, зерттеу әрекеттерінде қолдануды үйретеді. Білім алу-берудің барлық салаларында белсенділікті қалыптастырады. Педагогикалық еңбектің озық тәсілдерін игертеді.

5. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын (СҒЗЖ) ұйымдастыру. ЖОО білім беру шектеліп қана қоймай, сонымен қатар студент тұлғасының жан жақты дамуына, оның өзін-өзі бағалауын қалыптастыруына, шығармашылық ұжымда және ғылыми – ұйымдастырылған қызметте әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік жұмыстарын игеруге ықпалы ететін қолданбалы және ғылыми-техникалық құрылымдық бөлімшелерді құру; студенттердің өзіндік ой-пікілері мен шешімдерін қабылдау қабілеттіліктерін; оқу барысында ғылымның, экономиканың, техниканың және мәдениеттің әр түрлі бағыттары бойынша өзекті мәселелерді шешуге мүмкіндік жасау; студенттерді шығармашылық жұмыстарға тарту; СҒЗЖ жүйелерін дамыту мақсатында жүргізілген ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулердің нәтижелері мен отандық және шетелдік тәжірибеде негізделген жастардың ғылыми шығармашылығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

6. Азаматтық-құқықтық және патриоттық тәрбие. Азаматтық парызды, отаншылдықты тәрбиелейді. Қоғам мен мемлекет алдындағы міндеттерін ұғындырады, әскери-патриоттық жұмысқа, әскери мамандыққа қызығушылығын арттырады. Құқықтық білім жүйесін қалыптастырып, құқықтық сауаттылықты арттырады. Интернационализм және патриотизм проблемалары бойынша ақпараттандырады. Қазіргі кездегі ұлттық мәселенің рөлін түсіндіреді. Төзімділікке, экстремизмге қарсы тұруға тәрбиелейді. Мінез-құлықтың халықаралық нормаларын, достық қарым-қатынастың әдістерін меңгеру арқылы түрлі ұлт өкілдерімен табысу, оларды сыйлау мәдениетіне үйретеді. Студенттік ортадағы шовинизм мен ұлтшылдыққа қарсы тұру жолдарын көрсетеді. Абай атындағы ҚазҰПУ дәстүрлерін (яғни осы ЖОО-ға тән құндылықтар, идеалдар, көзқарастар, сенімдер, ішкі тәртіп нормаларын, моральді-психологиялық ахуалды) сақтауға, дамытуға баулиды.

7. Студенттің бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Студенттердің өзін-өзі жетілдіруге ынтыласын арттырады, табысқа, озық болуға, мансапқа жетелейді. Әлеуметтік белсенділікке тәрбиелейді. Өзін-өзі көрсете білу, дәлелдеу, шешім қабылдау, істі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.

8. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, түрлі тәуелділіктердің алдын-алу. Студенттерді салауатты өмір салтына бағыттайды, рух және тән саулығының құндылығын түсіндіреді. Есірткі мен психологиялық белсенді заттарға төзімсіздік танытуға тәрбиелейді. Нашақорлық, басқа да тәуелділіктің, АКТҚ індетінің, әлеуметтік шартталған дерттердің алдын-алуға үйретеді. Жастарды маскүнемдік пен темекі шегуге қарсы тұруға тәрбиелейді. Спортпен, дене шынықтырумен шұғылдануға үйретеді. Студенттерді бұқаралық спортқа тартады. Санитарлық-гигиеналық білімді насихаттайды. Спортшы-студенттерге шеберлігін шыңдауға қолайлы жағдай жасайды.

9. Эстетикалық тәрбие, экологиялық тәрбие және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту. Тұлғаның рухани қажеттілігін, мүддесін қанағаттандыруға, көркем талғамын қалыптастыруға, эстетикалық, экологиялық қабілеттерін дамытуға, жалпы мәдениет, ойлау мәдениеті, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, студенттерді көркем шығармашылыққа баулуға бағытталған. Студенттердің бойында қажетті ұстанымдарды, белсенділікті қалыптастырады.

10. Ұлтаралық келісім және студенттерді толеранттылыққа тәрбиелеу. Ұлтаралық келісімге, төзімділікке, әлем мәдениетін тануға тәрбиелейді. Төзімділіктің негізі ретіндегі құқық мәдениетінің қажетті деңгейіне жеткізеді. Жастар ортасында дүниетаным мен рухани-адамгершілік ахуалды, этномәдени өзара сыйластықты қалыптастырады.

11. Жастардың діни сауаттылығын арттыру және экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары. Білім мекемелері қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық, басқа да актілердің орындалуын талап етуге бағытталған. Экстремизмге төтеп беру проблемасы бойынша теориялық білімді, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шараларын жетілдіреді. Студенттердің діни сауаттылықтарын арттырады.

12. Студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Жастар ортасында мәдени құндылықтарды сақтауға, түзуге, игеруге, дамытуға бағытталған. Студенттердің мәдени және рухани қызығушылығын айқындайды, қалыптастырады, дамытады. Студент жастардың шығармашылық әлеуетін табысты дамытуға жағдай жасайды. Мәдени қызмет (үйірмелер, студиялар, секциялар, клубтар жұмысын, шараларды) ұйымдастырады. Бұған кіретіні: салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтық-рухани, патриоттық тәрбие, студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруын қамтамасыз ету, студенттер мен ЖОО қызметкерлерінің эстетикалық ортасын қалыптастыру.

13. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесін дамыту. Студенттердің өзін-өзі басқаруы – ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашасындағы № 521 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы» шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл құжат жан-жақты дамыған, өмірлік ұстанымы белсенді, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті қазіргі маманды дайындауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының ЖОО-дағы студенттердің өзін-өзі басқаруы бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық іс-әрекет түрінде жастар тұрмысының маңызды проблемаларын шешуге, әлеуметтік белсенділігін қолдауға арналған.

Бүгінде студенттердің өзін-өзі басқаруы – ЖОО-дағы тәрбие үдерісінің компоненті, әртүрлі ұйымдастыру формаларының жүйесі, қосалқы басқару – студенттердің әкімшілікпен қатар ЖОО-ның басқаруға қатысуы. Демек, студенттер жоғары білікті мамандарды дайындау

проблемасын шешуге, оқу үдерісін, СҒЗЖ, сабақтан тыс уақытты жоспарлауға, ұйымдастыруға, бақылауға өз үлесін қоса алады. ЖОО-да студенттердің өзін-өзі басқару деңгейі көп жағдайда студенттік ұжымдар мен бекітілген өкілеттіліктерімен анықталады. Студенттердің өзін-өзі басқаруының негізгі бағыттары әдетте оқу-тәрбие үдерісінің негізгі бағыттарымен сәйкес келеді. Әр бағыт бойынша студенттердің өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың түрлі формалары қарастырылған. Бұл формалар студенттік ортадағы өзін-өзі басқарудың шынайы белгісі. Олар ЖОО ерекшелігі мен қажеттілігіне қарай қалыптасады.

14. Студенттерге психологиялық көмек көрсету. Ұжым әрекетіндегі кемшіліктерді анықтау мақсатында тәрбие жұмысын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етеді. Тәрбие жұмысын жетілдіру мақсатында студенттер мен ЖОО қызметкерлеріне қиын жағдаяттарда психологиялық, әлеуметтік-құқықтық қолдау көрсетіледі. ЖОО тәрбие жұмысының тиімділігін артыру үшін студенттердің шығармашылық, таным қабілеттері айқындалып, тұлғалық жетілуіне, бейімделуіне қажетті жағдайлар жасалады.

VII. ЖОО тәрбие саясатын іске асыру шарттары

Тұжырымдамада белгіленген міндеттер жүйелі түрде оқу үдерісінде, өндірістік практикада, СҒЗЖ-да, студенттердің өзін-өзі басқаруында, сабақтан тыс тәрбие жұмысының барлық бағыттарында жүзеге асырылады.

Тұжырымдама тәрбие жұмысы іс-әрекет пен қарым-қатынаста жүзеге асырылады және де ол рухани-адамгершілік ынтымақтастық пен өзара түсіністік қарым-қатынасқа негізделген педагогтар мен студенттердің бірлескен іс-әрекеті деген қағидаға сүйенеді.

Мұндай қарым-қатынастардың маңызды шарттарының бірі ол тәрбиеленушінің әлеуметтік және рухани қарым-қатынасын қалыптастыру болып табылады.

Бұл қарым-қатынастарды қалыптастыруды шартты түрде төрт топқа бөлуге болады:

Бірінші топ тұлғаның қоғамдық бағдарын, азаматтық ұстанымын анықтайтын әлеуметтік қарым-қатынастар: азаматтылық, дүниетаным.

Екінші топ рухани қарым-қатынастар: патриотизм, ұлтаралық қатынастар мәдениеті, еңбексүйгіштік, үнемділік, тәртіп, ұжымшылдық, адалдық, ұстамдылық.

Үшінші топ эстетикалық, экологиялық мәдениетке негізделген.

Төртінші топ қарым-қатынастары санитарлық-гигиеналық және дене мәдениетінің түрлі кырларынан құралады.

Осы қарым-қатынастардың негізінде адамдар арасындағы байланыстарды ұғыну мен сезіну, оны білдіру жатыр. Адамның қоршаған ортамен байланысуы адамның түрткілері (мотивтері), қажеттіліктері, білімдері, еркі, сенімдері аясына белгілі бір әсерін тигізіп, мінез-құлқын, тұлғалық дамуын өзгертеді. ЖОО-дағы тәрбие іс-әрекетін ұйымдастырудың алғы шарттарының бірі студент жасының (17-29) ерекшелігін ескеру, бұл аралық алдымен бозбалалықтан ересек шаққа өтумен анықталады. Бұл жасқа тәні: бір жағынан, бекімеген ерік, мүдде тұрақсыздығы, кездейсоқ ықпалға бейім келуі; екінші жағынан, ерекше қабылдағыштық, ақиқатқа, әділетке талпыну, туралық.

Осы жас тұлғаның рухани бой көтеруімен, дүниетанымының қалыптасуымен, құқықтық санасының өсуімен, азаматтық белсенділігімен танылады. Көптеген психологтардың пікірінше, осы жастың басты түзілімі – өзіндік «Меннің» ашылуы, өмірлік жоспардың пайда болуы, рефлексия, өз даралығын сезінуі, өз өмірін саналы құруға талпынысы, дамып жатқан қоғамдастықтың түрлі салаларына біртіндеп кірігуі. Бұл үдеріс «Меннің» ашылуынан басталып, студенттің өмірлік іс-әрекеттің түрлеріне енуімен жалғасады. Сонымен қатар ЖОО-дағы тәрбие жұмысы мына *шарттар қатарын* сақтағанда табысты жүргізіледі:

Ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар: университеттегі тәрбие жұмысының бағдарламасын, алдағы жоспарын жасау; тұжырымдамаға сай тәрбие жұмысының басым бағыттарын іске асыруд бойынша атқарылған шаралардың тиімділігіне мониторинг жүргізу; тәрбие жұмысының бағыттарын қаржылық және материалды-техникалық қамтамасыз ету; жетекші ЖОО және жетекші ғылыми ұйымдармен жүзеге асырылатын бірлескен ғылыми жобаларды қолдау.

Ғылыми-әдістемелік педагогикалық шарттары: тәрбие жұмысын және ғылыми жұмысты ықпалдастыру; тұжырымдаманың жеке қағидаларын жазу-орындау үшін ғалым-педагогтарды, жоғары білікті мамандарды тарту; тәрбие жұмысының басым бағыттары бойынша ғылыми-

әдістемелік құралдар әзірлеу; тәрбие субъектілерін ақпараттық-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету; конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу, оларға қатысу; ЖОО тәрбие жұмысын тиімді іске асыруға ықпал ететін студенттерге, оқытушыларға арналған оқу бағдарламаларын енгізу.

Мәдениеттанушылық шарттар: қабілеттерге, қажеттіліктерге, қызығушылықтарға, кәсіптік құзыреттерге, ал қорытындысында студенттердің өзін-өзі іске қосуына әсер ететін жағдайлар жиынтығы деп анықталатын жайлы психологиялық-педагогикалық орта мен психологиялық-педагогикалық диагностикалық қызмет құру; ол үшін тәрбие жетекшісілік институтын ендіріп, оны белсендіру. ЖОО әлеуметтік-мәдени ортасы студенттің тұлғалық дамуын анықтайтын фактор болып табылады. ЖОО әлеуметтік-мәдени ортасы құрылымында тұлғаны оқыту, оған әсер ету жағдайлар жиынтығы деп анықталатын біліми ортаның орны ерекше. Бұл студенттердің, оқытушылардың, қызметкерлердің бірлескен тіршілік әрекетінің кеңістігі. Оның құрылымы білім мекемесінің құндылықтар таңдауындағы, мәдениетті, өмір мәнісін игерудегі, тұлға ерекшелігін ашудағы талғамымен негізделеді.

VIII. ЖОО-дағы тәрбие үдерісін басқару құрылымы

Университеттегі тәрбие жұмысы бірнеше деңгейде: ЖОО, институт (факультет), кафедра, студенттердің өзін-өзі басқаруы деңгейлерінде жүргізіледі.

Деңгейлер арасындағы тәрбие жұмысын тәрбие жұмысы жөніндегі проректор басшылық жасайды.

Университет деңгейінде тәрбие үдерісін басқарудың негізгі қызметтері тәрбие жұмысы, жастар саясаты, мемлекеттік тілді дамыту басқармасына тиесілі. Университеттегі тәрбие үдерісін басқару құрылымына мына жетекші талаптар қойылады: Университет деңгейінде ортақ әлеуметтік-мәдени және гуманитарлық-тәрбие кеңістігін құру; әкімшілік, дербес, қоғамдық және басқа да ұйымдар жұмысын реттеу; оқу, тәрбие, ғылыми үдерістерінің шынайы, қарқынды бірлігін қамтамасыз ету; біліктілік талаптарына сай мамандарды қалыптастыру; Университет түлегінің кәсіби және әлеуметтік жетілуіне барлық бағыттары бойынша студенттердің өзін-өзі басқаруын және қосалқы басқаруды қолдау; Университет өмірінің бар салаларында студенттер іс-әрекетін ақпараттандыру; ЖОО педагогикасы мен психологиясының қазіргі озық тәжірибелерін қолдану; педагог мамандардың біліктіліктілігі мен шеберлігін арттыруды психологиялық-педагогикалық тұрғыда қолдау.

Тәрбие жұмысы, жастар саясаты, мемлекеттік тілді дамыту басқармасы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары бойынша жұмыстар атқарады, тәрбие мәселелері бойынша университет, институт және факультет құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді, жұмыс жасаудың жаңа формалары мен әдістерін ұйымдастырады, қоғамдық бірлестіктердің пайда болуына ықпал етеді, белсенділікпен ерекшеленген тәрбие жетекшілерін, студенттерді, қоғамдық, шығармашылық клубтар мен спорттық секциялар жетекшілерін ынталандыруға ұсыныс жасайды. Басқарманың басты қызметі – университеттегі тәрбие жұмысын үйлестіру, оқу-тәрбие үдерісінде тәрбие жұмысының жаңа бағыттары мен технологияларын енгізу, студент жастарды тәрбиелеу жүйесін жетілдіру.

IX. ЖОО-да тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістері, құралдары, формалары

Корпоративті мәдениетті дамыту, қуатты стратегиялық құрал ретіндегі университеттің мәртебесін арттыру барлық қызметкерлер мен студенттерді жалпы міндеттерді орындауға бағыттауға мүмкіндік беріп, жеке тұлғалардың бастамаларын жұмылдыруға және олардың өзара тиімді әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында педагог студенттің нақты тұлғалық қасиеттерін нақты қасиеттерін қалыптастыруға сүйене отырып, тәрбиенің міндеттерін анықтап қана қоймай сонымен қатар тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістерін, құралдары мен формаларын белгілейді.

ЖОО-дағы тәрбие жұмысының негізіне келесідей әдістерді ұсынуға болады :

- студенттердің іс-әрекеттер мен мінез-құлқын ынталандыру әдістері (сендіру, жағымды мысалдар, ынталандыру, талап қою);

- студенттердің танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру және қоғамдық санасын қалыптастыру әдістері (сендіру, жағымды мысалдар келтіру);

- студенттердің іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын ұйымдастыру және олардың қоғамдық мінез-құлықтарын қалыптастыру әдістері (үйрету, бақылау).

Тәрбие құралдары ұғымына оқу-таным және сабақтан тыс іс-әрекеттерді, сонымен қатар студенттердің қарым-қатынасын жатқызған жөн. Тәрбиенің басты құралдары ретінде оқытушының тұлғалық үлгісі мен абырой және оқу орнының қалыптасқан дәстүрі болып табылады.

Студент жасының ерекшелігі нақты тәжірибелік нәтижелерге қол жеткізетін арнайы әдістер, тәсілдер мен әсерлемен анықталады.

Бұл тұрғыда қазақ тілід студенттер арасында мақсатты түрде мемлекеттік тіл саясатын жүргізіп, сонымен қатар өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді игертуде: мұражайларға, көрмелерге, театрға бару; көркем өнер шығармаларының көрмесін, фото және кітап көрмелерін ұйымдастыру; волонтерлік бағдарламаларға қатысу; тұлғаны рухани дамытудың құралы ретінде студенттерді кітап оқуға баулу.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары ретінде оқу-танымдық және студенттердің сабақтан тыс іс-әрекеттерін қарастыруға болады. Оқу іс-әрекетіндегі тәрбие жұмысы ең алдымен білім мазмұны мен алағ қойылған міндеттерді іске асыру бойынша атқарылатын шараларды өткізу арқылы жүзеге асырылады: мамандарды даярлау; әр жылдағы түлектермен кездесу ұйымдастыру, интеграциялау жағдайында серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп біртұтас білім беру кеңістігін құру студенттердің денсаулығын сақтау мәселесінің өзектілігіне айналады.

Х.Тәрбие жетекшілігі жүйесінің негізгі ережелері

Қоғамдағы күрделі өзгерістер білім жүйесінің басқа құрылымын талап етеді. 2011-2020 жж. арналған ҚР білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында айтылғандай, «білім жүйесін жаңғырту маңызды міндеттерінің бірі интеллектуалды ұлт қалыптастыру, оның өкілдері бәсекеге қабілетті біліммен, шығармашылық ойлаумен қатар жоғары азаматтық және рухани ұстанымдармен, патриоттық сезіммен, әлеуметтік жауапкершілікпен ерекшеленеді». Осы міндеттерді орындау мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ-да 2008-2009 оқу жылынан бастап Тәрбие жетекшілігі институты құрылды. Бұл жүйенің негізгі ұйымдастырушысы – тәрбие жетекшісі.

Аталған жүйенің басты ерекшелігі: жоғары оқу орнында қызмет ететін профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді түгелдей жастар тәрбиесі ісіне тарту, қоғамдық маңызды шаруаны бірігіп атқару міндетінен көрінеді. Студент жастардың тұлғалық келбетіне, қабілетіне қарай жеке даралық қасиеттерін дамыту, ел ертеңі алдындағы азаматтық жауапкершілігін арттыру міндеттері жүктеледі.

Тәрбие жетекшісі – өз тобындағы білімгерлердің оқу-тәрбие үдерісіндегі қызығушылықтары мен құқықтарын қорғаушы, тұлғааралық қарым-қатынастарына және студенттердің күнделікті өмірін тиімді ұйымдастыруға дұрыс бағдар беруші педагог.

Тәрбие жетекшісі іс-әрекеті студенттерді (магистранттарды) университет тарихымен таныстыруға, оны құрметтеуге, оның мәртебесін көтеруге, топта жағымды ахуал қалыптастыруға, болашақ маманның білімін, бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге бағытталған.

Тәрбие жетекшісі өз қызметінде Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 17 ақпандағы № 249 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан жастары» республикалық бағдарламасын; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 581 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты» туралы Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «29» маусымда № 873 қаулысымен бекітілген «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары»; Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Тәрбие жетекшісі туралы ережесін» басшылыққа алады.

Университетте тәрбие жетекшілігі жұмысын жүргізу және басқарудың жүйелілігі мен тиімділігіне қол жеткізу мақсатында *Университеттік Тәрбие жетекшілерінің кеңесі* құрылған. Универ-

ситет Тәрбие жетекшілерінің кеңесі ректордың бұйрығы негізінде құрылады. Тәрбие жетекшілер кеңесінің төрағасы болып тәрбие ісі жөніндегі проректор тағайындалады.

Университет тәрбие жетекшілері Кеңесінің іс-әрекеті мен құрылымы Кеңес туралы ережемен анықталады. Әрбір институтта (факультетте) институт директорының (факультет деканының) жарлығымен Институт (факультет) Тәрбие жетекшілер кеңесі құрылады. Институт (факультет) Тәрбие жетекшілер кеңесі мүлтіксіз университеттік Тәрбие жетекшілер кеңесіне бағынады. Аталған Кеңес институт (факультет) тәрбие жетекшілерінің жұмысын қадағалайды, тәрбие жұмысы барысында туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі, студенттік топтардың тәрбие жетекшілерінің есебі мен жұмыс жоспарын бекітеді және қарастырады.

Абай атындағы ҚазҰПУ тәрбие жетекшілігі жүйесіне құрылымды бөлімшелердің барлық қызметкерлері және профессор-оқытушылар құрамы тартылады. Әр тәрбие жетекшісіне 5-7 студент (магистрант) бекітіледі.

Тәрбие жұмысы барысында тәрбие жетекшісі оқыту мен тәрбиелеудің кәсіби бағытын ескере отыры, әр студенттің тұлғалық ерекшелігіне қарай, онымен демократиялық, гуманистік қарым-қатынас орнату тиіс.

Тәрбие жетекшісінің міндеттері:

- өз тобының студенттері мен магистранттары жөнінде толық мәлі-меттерді білу (*аты-жөні, мамандық атауы, курсы, тобы, келген жері, тұратын мекен-жайы, байланыс телефондары, ата-анасы туралы мәлімет, денсаулығы туралы мәлімет, әлеуметтік жағдайы*);

- әр студент пен магистранттың жеке тұлғалық қабілеттерін ескере отырып, тәрбиелілігін диагностикалау;

- тәрбие жоспарына сәйкес тәрбиелік іс-шаралар (тәрбие сағаттары, кездесулер, дөңгелек үстелдер, мерекелік шаралар, танымдық экскурсия, мұражайларға, театрларға бару, т.б.) ұйымдастыру;

- студенттердің жатақхана өміріне бейімделуіне көмек көрсету;

- студенттер мен магистранттарды Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері мен магистранттарының Этикалық кодексі талаптарымен таныстырып, олардың сақталуын қадағалау;

- студенттер мен магистранттардың тәртібі мен үлгерім көрсеткішін қадағалап отыру;

- студенттер мен магистранттардың оқудан тыс бос уақытын тиімді пайдалануға ықпал ету;

- студенттердің қызығушылықтарына қарай қосымша шығармашылық, мәдени-көпшілік шараларға тартып, үйірме, клубтарға қатысуына ықпал жасау;

- кездейсоқ оқиғалар орын алған жағдайда, мезгілінде тиісті орындарға хабарлау;

- қажетті жағдайда студенттер мен магистранттардың заңгерлік, психологиялық, медициналық көмек алуына мүмкіндік жасау.

- топта жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру.

XI. Қорытынды

ЖОО-да тәрбие жұмысын табысты ұйымдастырудың маңызды факторларының бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын негізге алу болып табылады.

ЖОО-дағы тәрбие жұмысы – жастарды әлеуметтендіру және қоғамға бейімдеудің басты құралы болып табылады. Бұл тұлғаның зияткерлік, рухани, мәдени дамуына, жаны мен тәнінің жетілуіне мақсатты лайықты әсер етіледі.

Тәрбиенің студент жастарға ықпал ететін неғұрлым елеулі субъекті - бұл ЖОО-дағы хал-ахуал, сол себепті ЖОО-ның тәрбиелік мәні бар әлеуметтік-гуманитарлық ортасы Абай атындағы ҚазҰПУ барлық қызметкерлерінің өзара әрекеттестігі негізінде құрылады.

Тәрбие әдістері, құралдары, формалары кешенді қолданады. Мұның өзі тәрбие жүйесінің сапасын, тиімділігін қамтамасыз етеді.

Осы Тұжырымдама Абай атындағы ҚазҰПУ Кеңесімен қабылданып, ректормен бекітіліп, ЖОО-да оқудан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы негізгі құжат болып табылады. Ол Абай

атындағы ҚазҰПУ-да әр оқу жылындағы тәрбие жұмысының кешенді жоспарының, нақты бағдарламалардың негізін қалайды.

Тәрбие жүйесі, әрине, қарқынды сипат алуы тиіс. Сондықтан осы Тұжырымдама шығармашылық тұрғыдан үнемі толықтырылып отырады. Ол үшін студенттер мен тәрбие жұмысының озық тәжірибесін үнемі зерделеп, оны тәрбие жетекшілерінің арасында, кафедраларда, ЖОО-ның басқа бөлімшелерінде таратқан дұрыс. Тәрбие жұмысы моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырылуы тиіс.

Қорытындысында айтарымыз: тәрбие жұмысының осы Тұжырымдамасы мен Бағдарламасын жүзеге асыру университетке студенттерді кәсіби білім, білік, дағдымен қаруландыруға мүмкіндік беруімен қатар кәсіби маңызды, әлеуметтік қажетті қасиеттерге ие мамандарды дайындауға септігін тигізеді. Қазірде зор сұранысқа ие құзіреттер: қарым-қатынас мәдениеті, ұжымда жұмыс істей білу, сабырлық, өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға талпыныс, заңға бой ұсыну, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, көш басы болу қабілеттері, өзгермелі әлеуметтік, психологиялық, экономикалық факторларға именбеу, ойлау ептілігі мен шығармашылығы, салауатты өмір салтын сақтау – бәрі де тәрбие үдерісінде қалыптасып, тұтастай алғанда болашақ маманның әлеуметтік келбетін құрайды.

ИТОГИ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. АБАЯ

**Ж. Е. Ишпекбаев, К. К. Жампеисова, Н. Н. Хан,
С. И. Калиева, Г. К. Шолпанкулова, К. Бекбенбетова**

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: воспитание, воспитательная работа, система воспитания, концепция воспитания, глобализация, государственная молодежная политика, духовность, компетентность, компетентностный подход, корпоратизм, корпоративная культура университета, лидерство, молодежь, профессионально-корпоративная культура, учебно-воспитательный процесс.

Аннотация. В основу Концепции воспитательной деятельности Казахского национального педагогического университета им. Абая был положен методологический подход, в котором функции воспитания направлены на формирование определенных качеств личности, востребованных современному обществу и государству. А именно гуманистический, личностно-ориентированный подход, предполагающий стремление выявить и сформировать высококвалифицированную, духовно-богатую, конкурентоспособную, поликультурную личность, обладающую уникальной человеческой индивидуальностью.

Поступила 15.01.2015 г.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

bulletin-science.kz

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 29.01.2015.
Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
10,7 п.л. Тираж 2000. Заказ 1.